


# ОҚЫТУ ҮШІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОҚУДЫ БАҒАЛАУ

Бағалау – оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін оқу куәліктері жоспарлы және жүйелі жинақталған кез келген қызмет түрлеріне қатысты санат. Осы санат бағалаудың екі аспектісін көздейді: оқуды бағалау (жиынтық бағалау) және оқыту үшін бағалау (формативтік бағалау). Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағаланған. Сондықтан да осы модуль оқыту үшін бағалау, сондай-ақ оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған.




- бағалаудың түрлі нысандарын түсінуге;

- бағалау түрлерінің барабар мақсаттарын анықтауға және негіздеуге;

Модуль  
мұғалімдерге:

- бағалаудың формалды және формалды емес жүйелерін анықтауға/бағалауға;

- әрбір мұғалім оқыту мен оқу сапасын жақсарту алатынын/ жақсарту алмайтынын түсіндіруге көмектеседі.



**Формативтік** қалыптастырушы) және **жиынтық** мақсат арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленген, бірақ, берілген екі терминнің мәні нақты анықталмаған.

Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бағалау **жиынтық** болып табылады және кейде оны **оқуды бағалау** деп атайды

Іс жүзінде бұдан анығырақ айырмашылық жіктеу және есеп беру үшін өткізілетін нақты мақсаты оқушылардың оқуына ықпал етуге арналған оқытудың бөлігі ретінде бағалауды қолдану болып табылатын **оқыту үшін** бағалау арасында жүргізіледі.

**Оқыту үшін бағалау** – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

ОүБ кезінде **бақылау, интерпретация және өлшемдер** оқытуды бағалау кезінде қолданылатын өлшемдерге ұқсас болуы мүмкін, бірақ олардан туатын қорытынды және шешім басқа сипатта болады.

# ОҚЫТУ ҮШІН БАҒАЛАУ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ:

- Оны әзірлеудегі және тәжірибеде қолданудағы бірінші басымдық оқушылардың оқуына көмектесу мақсатына бағындыру болып табылады.

Бағалау мұғалімдер және оқушылар өзін-өзі және өзара бағалау үшін кері байланыс ретінде пайдаланатын ақпарат беру арқылы оқуға көмектесе алады.

Блэк пен Уильямның Ұлыбританиядағы Бағалау Реформасы Тобымен бірлескен зерттеулері бағалау арқылы оқытуды жақсарту оқытуға енгізілуі тиіс қарапайым бес түйінді фактормен байланысты екендігін көрсетті:

- Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету.

Оқушылардың өз оқуын қалай жетілдіру керектігін түсіну үшін өздерін-өздері бағалай алуын қамтамасыз ету және өзара бағалау арқылы құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіру.

- Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы, бұл өз кезегінде оқушыларды өзін-өзі бағалауға қатыстырады.

Бағалаудың оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен қызығушылығына едәуір ықпал ететіндігін мойындау, бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі түрде ықпал етеді.

# Оқыту үшін бағалау құралдары



ОүБ оқыту мен оқу үдерісінде қолданған кезде өте тиімді.

Бұл құралдар мұғалімдерге мақсатқа қол жеткізуге арналған әр түрлі жаттығулар мен аспектілер арқылы көмек беру үшін әзірленген.

Сіз бұл жинақты пайдалы деп білерсіз деп сенемін!

Майк Гершон

# ОҮБ ҚҰРАЛДАРЫ

Оқушылар сұрақ құрастырады  
Оқушылар сұрақ қояды  
Түсініктеме арқылы бағалау  
Блок ортасында бағалау  
«Мүмкін»  
Күту уақыты  
Ашық және Жабық  
Жұмыс үлгісі  
Оқушылардың бағалауы  
Айқын мақсат қоя отырып  
Сабақтың мақсаты  
Мұғалім шолуы  
Оқушылар шолуы  
Бағдаршам  
Өзін өзі бағалау мақсаты  
2 жұлдыз, 1 тілек  
Құрастыр, сосын жауап бер  
Атмосфера орнату  
Көршіңізге айтыңыз  
Идея туралы пікір  
Серпілген сауал  
Күтіңіз және түйінденіз  
Дұрыс емес пікір  
Сұрақ құрастыру

Оқу күнделігі  
Қайтадан құрастыру  
Негізгі сәттер  
Жақсарту жөніндегі нұсқаулық  
Түсініктемелермен жұмыс  
Топтық кері байланыс  
Сыныптастарды бағалау  
Бас бармақ  
Бірлескен жұмыс дағдысын  
қалыптастыру  
Қайталау Бағдаршам  
Құрастыр және жауап бер  
Оқушылардың бағалау сызбасы  
Топтық жауаптар  
Сөйлеу арқылы ойлану  
Сұрақты төңкеріңіз  
Х және Y  
Білетініңіздің барлығы  
Түзетулер  
Үлдірленген критерийлер  
Прогресс білдіру  
Сөздерді талқылау  
Қарым-қатынас  
Парасатты диалог

Кері байланыс бутерброды  
Не жақсы?  
Өзін өзі бағалау  
«Жақсы» сұрақ деп нені айтады?  
Графикалық органайзерлер  
БББ  
Әңгімелесетін әріптестер  
Стикер  
Жауап беретін әріптес  
Қолыңды төмен ұста  
Жақсы сұрақ негіздері  
Оқуды реттеу  
А Ә Б В  
Неліктен бұл үздік?  
Көрсет және әңгімеле  
Белсенді оқушылар  
Ұзақ мерзімді және Қысқа  
мерзімді  
Минуттық шешім  
Жауап алу  
Смайликтер  
Шаршылар  
Түсініксіз тармақ  
Бір сөйлеммен түйіндеу